

"Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы "Востокцветмет" өндірістік бөлімінің Николаевск кеніші тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 113 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 31 мамырда № 5051 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы - "Востокцветмет" өндірістік бөлімінің Николаевск кеніші тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері шекаралары жобасына сәйкес, су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы – "Востокцветмет" өндірістік бөлімінің Николаевск кеніші тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы - "Востокцветмет" өндірістік бөлімінің Николаевск кеніші тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары аумағын шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі мен су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет жүргізу режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.М. Құсаинов) "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы - "Востокцветмет" өндірістік бөлімінің Николаевск кеніші тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Шемонайха ауданының әкіміне және мемлекеттік жер

кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д. М. Мусинге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясының басшысы
_____ Р. Сүлейменов

2017 жылғы "26" 04.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы тұтынушылардың
құқықтарын қорғау департаментінің басшысы
_____ Ф. Сүлейменов

2017 жылғы "27" 04.

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2017 жылғы "25" сәуірдегі
№ 113 қаулысына
қосымша

"Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы– "Востокцветмет" өндірістік бөлімінің Николаевск кеніші тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Таловка өзені (оң жағалау)	4,115	68,17	70-500	3,455	13,88	35-55
Пасечный						

бұлағы	10,2	241,24	420-570	3,908	31,88	35-75
--------	------	--------	---------	-------	-------	-------

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы - "Востокцветмет" өндірістік бөлімінің Николаевск кеніші тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекараларын белгілеу жобасының картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК